

## Мұғалжар ауданы Қайынды ауылдық округі Алтынды ауылдының көше атауын қайта атау туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қайынды ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 22 шілдедегі № 5 шешімі. Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 24 тамызда № 3-9-148 тіркелді

**Ескерту. Шешімнің орыс тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтіні бойынша "поселка", "аульного" сөздері "села", "сельского" сөздерімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қайынды ауылдық округі әкімінің 24.11.2014 № 17 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес және Алтынды ауылы тұрғындары конференциясының хаттамасы негізінде, Мұғалжар ауданы Қайынды ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қайынды ауылдық округі әкімінің 24.05.2017 № 13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Алтынды ауылдының көше атаулары:

Набережная көшесі, Құндызы көшесіне

Строителей көшесі, Ынтымақ көшесіне

Космонавтов көшесі, Қазақстан көшесіне

Почтовая көшесі, Астана көшесіне

Мира көшесі, Бейбітшілік көшесіне

Горняков көшесі, Мәншүк Мәметова көшесіне

Парковая көшесі, Тәуелсіздікке - 20 жыл көшесіне

Школьная көшесі, Абай Құнанбаев көшесіне

Геологов көшесі, Қаныш Сәтбаев көшесіне

Юбилейное көшесі, Алтынды көшесіне деп қайта аталсын.

Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК